

2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 19-3 Шешімі . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 10 қаңтарда 1737 нөмірімен тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8-бабына және «2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
 - 1) кірістер – 99 401 593 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 8 121 637 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 61 000 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 50 000 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 91 168 956 мың теңге;
 - 2) шығындар – 99 155 210 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 374 001 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 861 170 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 487 169 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 382 233 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу – 543 000 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 160 767 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы – -509 851 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 509 851 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.04.07 № 23-6; 2010.05.05 № 24-3; 2010.06.02 № 25-6; 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5; 2010.12.07 № 29-2(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі); Шешімдерімен.

2. 2010 жылы облыстық бюджеттен аудандық және қалалық бюджеттерге берілетін субвенция мөлшері 27 620 594 мың теңге сомасында белгіленсін, оның і ш і н д е :

Байзақ ауданына	–	2 640 392	мың теңге;
Жамбыл ауданына	–	2 236 403	мың теңге;
Жуалы ауданына	–	2 165 209	мың теңге;
Қордай ауданына	–	3 618 817	мың теңге;
Меркі ауданына	–	2 396 820	мың теңге;
Мойынқұм ауданына	–	1 220 985	мың теңге;
Сарысу ауданына	–	1 799 962	мың теңге;
Талас ауданына	–	1 662 999	мың теңге;
Т. Рысқұлов ауданына	–	2 350 982	мың теңге;
Шу ауданына	–	2 585 376	мың теңге;
Тараз қаласына	–	4 942 649	мың теңге.

3. “Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы” Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес 2010-2012 жылдары облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мекемелері мен ұйымдарының мамандарына қала жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықақылары мен тарифтік ставкаларының 25 пайызы мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы көзделсін.

4. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен мынадай мөлшерлерде ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға – 306 422 мың теңге;
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге – 453 330 мың теңге;

Ескерту. 4-тармақтың үшінші абзацы жана редакцияда Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 Шешімімен.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай

жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге – 192 666 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге – 6 668 мың теңге;

ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құрылымдарын ұстауға – 159 281 мың теңге;

мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге – 104 770 мың теңге;

эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 707 704 мың теңге.

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға – 808 344 мың теңге;

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.04.07 № 23-6; 2010.11.05 № 28-5 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

5. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 260 172 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 110 619 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға – 149 553 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 Шешімімен.

6. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының

бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен 2 937 431 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін, оның ішінде: ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 1 788 001 мың теңге; білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 1 149 430 мың т е ң г е .

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларын аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.04.07 № 23-6; 2010.11.05 № 28-5(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

7. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттің кредиттері есебінен Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша аудандар мен Тараз қаласының бюджеттерін кредиттеуге 637 000 мың теңге көзделіп, Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

8. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға 586 000 мың теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 1 190 000 мың теңге сомасында көзделіп, Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

9. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске а с ы р у ғ а :

ағымдағы нысаналы трансферттер 28 848 мың теңге сомасында; бюджеттік кредит беру 124 170 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

Нысаналы трансферттердің және кредиттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 Шешімімен.

10. 2010 жылға арналған облыстық бюджеттің шығындары құрамында республикалық бюджет есебінен 5 607 146 мың теңге ағымдағы нысаналы

трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:
негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика,
химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға – 12 291 мың
т е ң г е ;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде білім
беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім
беру ұйымдарында білім алушыларға стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға –
2 1 6 8 6 2 м ы ң т е ң г е ;

кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі оқытушыларын тартуға – 11
7 0 0 м ы ң т е ң г е ;

«Өзін-өзі тану» кабинеттері үшін жабдықтар сатып алуға - 700 мың теңге;
мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын «Өзін-өзі тану»
пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге – 2 893 мың теңге;

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық
препараттарды сатып алуға – 902 735 мың теңге;

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын
материалдық-техникалық жарақтандыруға – 733 189 мың теңге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге
және кеңейтуге – 753 927 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 68 313 мың теңге;
медициналық - әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға –

1 2 0 2 3 9 м ы ң т е ң г е ;
үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға –

2 5 0 0 0 м ы ң т е ң г е ;
халыққа қызмет көрсету орталықтарын ұстауға – 367 734 мың теңге;

«Көкнәр» операциясын жүргізуге – 19 957 мың теңге;
ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін

ұстауға – 2 474 мың теңге;
тұқым шаруашылығын қолдауға – 150 511 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға – 274 340 мың теңге;
мал шаруашылығы өнімділігін және өнімнің сапасын арттыруды

субсидиялауға – 183 684 мың теңге;
ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша

көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға – 32 104 мың теңге;
көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар

май және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға –
4 7 8 4 0 8 м ы ң т е ң г е ;

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және

сапасын арттыруды қолдауға – 156 790 мың теңге;
жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз етуге – 128 654 мың теңге;
мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласында берілетін функцияларды іске асыруға – 1 740 мың теңге;
облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге – 949 755 мың теңге.
эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге – 11 541 мың теңге.

«көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға және оралмандарға құжат беруге – 1 136 мың теңге;»;

«Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен кіріктіру орталығын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға - 469 мың теңге.»;

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту және толықтыру енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.04.07 № 23-6; 2010.11.05 № 28-5; 2010.12.07 № 29-2 2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

11. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға 1 904 486 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде :

білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 70 824 мың теңге;
елді мекендердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жөндеуге және жайластыруға – 53 374 мың теңге;
мәдениет объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 27 866 мың теңге;
аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді мекендердегі көшелерді жөндеуге және ұстауға – 813 793 мың теңге;
кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға – 290 629 мың теңге; әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге – 648 000 мың теңге .

Нысаналы ағымдағы трансферттерінің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

12. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне республикалық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру мақсатында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға 584 837 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 Шешімімен.

12-1. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджет есебінен «2020 – бизнес жол қартасы» бағдарламасы шеңберінде - 912 364 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:
жеке кәсіпкерлікті қолдауға - 600 364 мың теңге;
индустриялық инфрақұрылымды дамытуға - 312 000 мың теңге.

Ескерту. 12-1 тармақпен толықтырылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.06.02 № 25-6 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі); Шешімімен.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде а й қ ы н д а л а д ы .

13. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру мақсатында инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға 1 277 089 мың теңге сомасында шығындар көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.11.05 № 28-5 Шешімімен.

14. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға:

спорт объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 66 667 мың теңге;
білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 289 176 мың теңге ;

денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 400 000 мың теңге ;
мәдениет объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 50 000 мың теңге;
су шаруашылығы құрылыстары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды

жөндеуге – 433 892 мың теңге;
облыстық маңызы бар автомобиль жолдардың, қала және елді мекендердегі көшелерді жөндеуге және ұстауға – 865 803 мың теңге;
кадрларды даярлауға және қайта даярлауға – 310 800 мың теңге шығындар көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.07.22 № 26-4 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

15. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне облыстық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру мақсатында инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейтуге 435 492 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

16. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджет есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға :

спорт объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 28 913 мың теңге;
денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 200 000 мың теңге ;

су шаруашылығы құрылыстары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жөндеуге – 204 212 мың теңге көзделгені ескерілсін.

облыстық маңызы бар автомобиль жолдардың, қала және елді мекендердегі көшелерді жөндеуге және ұстауға – 522 486 мың теңге.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

17. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру мақсатында инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейтуге 180 494 мың теңге сомасында шығындар көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

18. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне облыстық бюджет қаржысы есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға 634 963 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде: білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 425 635 мың теңге ;

мәдениет объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге – 38 934 мың теңге; аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен қала көшелерін жөндеуге және ұстауға – 16 941 мың теңге; елді мекендердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын жөндеуге және абаттандыруға - 131 644 мың теңге; кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға – 60 743 мың теңге.

Нысаналы трансферттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.07.22 № 26-4 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

19. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне облыстық бюджет қаржысы есебінен 1 280 229 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін, оның ішінде: елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға – 346 735 мың теңге; білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға – 903 794 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.05.05 № 24-3; 2010.07.22 № 26-4 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

20. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджет қаржысы есебінен шағын және орта бизнесті қаржыландыруға және ауыл халқына шағын кредит беру үшін «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» Акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беруге 100 000 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.05.05 № 24-3; 2010.11.05 № 28-5 (2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

21. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне облыстық бюджет қаржысы есебінен 3 276 797 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін.

Нысаналы ағымдағы трансферттердің аталған сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттеріне бөлінуі Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.05.05 № 24-3; 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

22. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте «2008-2010 жылдарға арналған облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы» облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 3-8 шешімімен бекітілген, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін есептегенде бюджет саласындағы еңбекақы қорының және жергілікті бюджет шығыстары көлемінің өзгеруіне байланысты аудандар мен Тараз қаласының бюджеттерінен трансферттердің түсімдері 2 292 127 мың теңге сомасында көзделсін.

Аталған трансферттердің сомаларының аудандар мен Тараз қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке түсетін түсімдері Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.03.19 № 22-5; 2010.04.07 № 23-6; 2010.05.05 № 24-3; 2010.07.22 № 26-4; 2010.11.05 № 28-5(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

23. 2010 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджетке жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін беруге байланысты: санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласында – 836 097 мың теңге;

жұқпалы, туберкулез және психикалық аурулар кезінде көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекті көрсету бойынша – 7 981 900 мың теңге; кәсіби судан құтқару қызметтерін құру және ұстау бойынша – 40 065 мың т е ण г е ;

халықты хабардар етуді ұйымдастыру бойынша 8 397 мың теңге; көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып бюджет саласындағы еңбекақы қорының

өзгеруіне байланысты 1 853 114 мың теңге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

«Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің қарауына көлік құралдарына мемлекеттік техникалық байқау жүргізу жөніндегі функцияларды беруге байланысты - 148 мың теңге.».

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту және толықтыру енгізілді - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.04.07 № 23-6; 2010.12.07 № 29-2(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

24. Облыстық жергілікті атқарушы органның резерві 120 000 мың теңге мөлшерінде бекітілсін.

25. 2010 жылға арналған жергілікті бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

26. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Г. ОРЫНБАЕВА

Жамбыл облыстық
2009 жылғы
№ 19-3 Шешіміне 1-қосымша

*Облыстық мәслихаттың
хатшысы*

Ә. ӘСІЛБЕКОВ

мәслихатының
11 желтоқсандағы

2010 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық мәслихатының 2010.12.07 № 29-2(2010 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

Санаты	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	
	Ішкі сыныбы	
1	2	3
	1. КІРІСТЕР	99 401 593
1	САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	8 121 637
01	Табыс салығы	3 911 914
	2 Жеке табыс салығы	3 911 914
03	Әлеуметтік салық	3 205 691
	1 Әлеуметтік салық	3 205 691
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 004 032
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 004 032

2		САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	61 000
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	61 000
		1 Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	500
		3 Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	500
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10 000
		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	50 000
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	50 000
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000
4		ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	91 168 956
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	2 391 728
		2 Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	2 391 728
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	88 777 228
		1 Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	88 777 228

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама	
		Атауы	
1		2	3
		2. Шығындар	99 155 210
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 534 810
	110	Облыс мәслихатының аппараты	38 488
		001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38 488
	120	Облыс әкімінің аппараты	1 245 971
		001 Облыс әкімнің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	365 847
		002 Ақпараттық жүйелер құру	139 900
		003 Жеке және заңды тұлғаларға "жалғыз терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсететін халыққа қызмет орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	367 734
		004 Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	5 147
		005 Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	367 343
	257	Облыстың қаржы басқармасы	1 036 179
		001 Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	94 412
		003 Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	46 739
		009 Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	1 500
		010 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	500
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	893 028
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	214 172

	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	214 172
02		Қорғаныс	117 751
	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	33 917
	003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	25 207
	007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	8 710
	250	Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	83 834
	001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 302
	005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	19 532
	006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	25 000
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 000
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 948 041
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	2 948 041
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 533 807
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	657
	006	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	146 571
	011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру	120 879
	012	Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеуді және оналтуды ұйымдастыру	17 704
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	21 171
	014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	8 752
	015	Қызмет жануарларын ұстауды ұйымдастыру	76 938
	016	«Мак» операциясын өткізу	19 957
	019	Көші-кон полициясының қосымша штаттық санын материалдық-техникалық жаратқандыру және ұстау, оралмандарды құжатқандыру	1136
	020	Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын материалдық-техникалық жаратқандыру және ұстау	469
04		Білім беру	11 697 412
	261	Облыстың білім басқармасы	808 344
	027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	808 344
	260	Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 322 529
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 073 443
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	249 086

261		Облыстың білім басқармасы	2 031 686
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	963 052
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	502 040
	018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	306 422
	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	110 619
	058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	149 553
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	226 939
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	226 939
261		Облыстың білім басқармасы	2 141 805
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 141 805
252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	45 143
	007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	45 143
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	48 262
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	48 262
261		Облыстың білім басқармасы	658 942
	010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	70 379
	060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	588 563
261		Облыстың білім басқармасы	2 191 576
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55 010
	004	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	5 133
	005	Білім берудің мемлекеттік облыстық мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	56 384
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шаралар және конкурстар өткізу	129 778
	008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	289 176
	011	Балалар мен жеткіншектердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	103 131
	012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жеткіншектерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	14 955
	016	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге республикалық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	70 824

	017	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясының шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	425 635
	022	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілікті арттыру институттарын оқу материалдарымен қамтамасыз етуге арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер	104 770
	029	Әдістемелік жұмыс	5 168
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	931 612
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2 222 186
	009	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	1 149 430
	010	Білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	950 322
	011	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	122 434
05		Денсаулық сақтау	19 746 177
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	255 887
	005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдарын және дәрілерді өндіру	114 869
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	140 118
	017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	900
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	4 171 146
	009	Туберкулезден, жұқпалы және психикалық аурулардан және жүйкесі бұзылуынан, соның ішінде жүйкеге әсер ететін заттарды қолданылуымен байланысты зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	2 921 164
	019	Туберкулез ауруларын туберкулез ауруларына қарсы препараттармен қамтамасыз ету	80 249
	020	Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	302 125
	021	Онкологиялық ауруларды химия препараттармен қамтамасыз ету	209 863
	022	Бүйрегі жетімсіз ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен, диализаторлармен, шығыс материалдарымен және бүйрегі алмастырылған ауруларды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету	69 910
	026	Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторларымен қамтамасыз ету	212 954
	027	Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырып сатып алу	351 118
	036	Жіті миокард инфаркт сырқаттарын тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	23 763
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 226 327

	010	Республикалық бюджет қаражатынан көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, халыққа амбулаторлық-емханалық көмек көрсету	5 656 713
	014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету	569 614
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 018 871
	011	Жедел медициналық көмек көрсету және санитарлық авиация	983 503
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	35 368
253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 239 049
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	91 150
	002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде денсаулық сақтау объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	600 000
	008	Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	35 422
	016	Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	16 560
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметі	31 800
	032	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	572 020
	033	Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарактандыру	737 387
	037	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау ұйымдарының міндеттемелері бойынша кредиттік қарызды өтеу	154 710
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	5 834 897
	013	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	5 834 897
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2988 260
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	853 450
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	324 523
	013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	301 399
	014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	64 772
	015	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) жүйкесі бұзылған мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	162 756
261		Облыстың білім басқармасы	535 966
	015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	535 966
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 510 710
	003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	152 631

	027	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар тәжірибесі бағдарламасын кеңейтуге ағымдағы нысаналы трансферттер	648 000
	029	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарды төлеуді қамтамасыз етуге берілетін республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 668
	031	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	192 666
	032	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен немесе «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	57 415
	035	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге атаулы әлеуметтік мемлекеттік көмек көрсетуді төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер	196 830
	036	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге табысы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер	256 500
256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	88 134
	001	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	63 134
	018	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	25 000
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	8 471 941

281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	1 890 378
	012	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін салуға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	586 000
	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	1 190 000
	049	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері	114 378
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	638 104
	007	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде су шаруашылығы құрылыстары және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жөндеу	638 104
279		Облыстың Энергетика және коммуналдық шаруашылығы басқармасы	3 242 164
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және коммуналдық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 922
	004	Елді мекендерді газдандыру	17 483
	006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратқандыру	1 025
	017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	53 374
	018	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	131 989
	020	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік -коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және елді-мекендерді көркейту	1 457 583
	021	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және елді мекендерді абаттандыруға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	584 837
	022	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және елді мекендерді абаттандыруға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	191 633
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	765 318
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2 628 295
	021	Коммуналдық шаруашылық объектілерін дамыту	249 700

	050	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	1 788 001
	051	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	346 735
	053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және елді мекендерді абаттандыруға облыстық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	243 859
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	73 000
	025	Қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	73 000
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 766 955
	262	Облыстың мәдениет басқармасы	535 468
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 415
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	79 499
	004	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	4 800
	005	Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	160 497
	007	Театр және музыка өнерін қолдау	251 257
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер	12 000
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	17 685
	027	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне мәдениет объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	17 685
260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	1 080 930
	001	Жергілікті деңгейде туризм, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 339
	003	Облыс деңгейінде спорт жарыстарын өткізу	19 898
	004	Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	1 024 453
	011	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жаратандыру	1 240
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	163 922
	028	Спорт объектілерін дамыту	163 922
259		Облыстың мұрағаттар және құжаттама басқармасы	143 023
	001	Жергілікті деңгейде мұрағат ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 384
	002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	130 639
262		Облыстың мәдениет басқармасы	80 929
	008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	80 929

	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	220 800
		007	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	145 800
		008	Телерадиохабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	75 000
	264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	83 719
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 109
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	60 610
	260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	15 696
		013	Туристік қызметті реттеу	15 696
	260		Облыстың туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы	95 580
		002	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде спорт объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	95 580
	262		Облыстың мәдениет басқармасы	77 866
		006	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	50 000
		013	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	27 866
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	251 337
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	188 845
		003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	61 492
		004	Ақпараттық жүйелер құру	1 000
09			Отын- энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	378 790
	279		Облыстың энергетика және коммуналдық шаруашылығы басқармасы	378 790
		007	Жылу- энергетикалық жүйені дамыту	378 790
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3 590 044
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	1 370 272
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 900
		002	Тұқым шаруашылығын қолдау	150 511
		006	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	16 878
		010	Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау	290 340
		011	Өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығындылығы мен сапасын арттыруды мемлекеттік қолдау	156 790
		014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	32 104
		016	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көпжылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	129 169
		020	Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар-материалдық құндылықтарының құнын арзандату	478 408

	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	7 824
	099	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	28 848
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7 500
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	20 500
	033	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	20 500
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	83 562
	004	Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру	83 562
281		Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	100 000
	059	Республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттер есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы бойында Шу өзенінде жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу	100 000
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы	408 565
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	402 254
	006	Жануарлар дүниесін қорғау	6 311
254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы	140 593
